

№79 негізгі мектебінің 2023–2024 оқу жылы бойынша PISA, TIMSS, PIRLS халықаралық зерттеулеріне дайындық жұмыстары мен мониторинг есебі

Қазіргі білім беру жүйесінің басты мақсаты — оқушылардың алған білімін өмірлік жағдаяттарда тиімді қолдана алуына, сыни тұрғыдан ойлай білуіне және функционалдық сауаттылығын дамытуға бағытталған. Осы мақсатта халықаралық деңгейде өткізілетін PISA (Programme for International Student Assessment), TIMSS (Trends in Mathematics and Science Study) және PIRLS (Progress in International Reading Literacy Study) зерттеулері елімізде білім сапасын бағалаудың негізгі құралдарының бірі болып табылады.

2023–2024 оқу жылы бойынша №79 негізгі мектеп халықаралық зерттеулердің дайындық базасына енгізілді. Алайда, оқушылардың жас ерекшеліктерінің зерттеу талаптарына сәйкес келмеуіне байланысты мектеп ресми қатысушылар тізіміне енген. Соған қарамастан, мектеп ұжымы халықаралық зерттеу бағыттарындағы тапсырмалар мен әдістемелерді енгізу, функционалдық сауаттылықты дамыту, оқушыларды болашақ қатысуға дайындау мақсатында арнайы жоспар бойынша дайындық жұмыстарын толық көлемде жүргізді.

1. 2023–2024 оқу жылына арналған халықаралық зерттеулер бойынша дайындық жұмыстарының ЖОСПАРЫ

№	Іс-шара атауы	Мақсаты	Мерзімі	Жауапты	Орындалу нәтижесі
1	Халықаралық зерттеулерге дайындық жөніндегі үйлестіру тобын құру	Жұмыстарды ұйымдастыру және үйлестіру	Қыркүйек 2023	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары	Топ құрылды, жоспар бекітілді
2	Мұғалімдерге арналған семинар	Мұғалімдердің хабардарлығын арттыру	Қыркүйек 2023	ӘБ жетекшісі	18 педагог қатысты
3	Оқушылар мен ата-аналарға түсіндіру жиналысы	Зерттеу мақсатын түсіндіру	Қазан 2023	Сынып жетекшілер	Жиналыс өткізілді

4	Функционалдык сауаттылык тесті	Оқу, жаратылыстану және математикалық сауаттылықты анықтау	Қараша 2023	Пән мұғалімдері	Диагностика өткізілді
5	Ашық сабақтар апталығы	Логикалық, сыни және талдау қабілеттерін дамыту	Желтоқсан 2023	Пән мұғалімдері	8 ашық сабақ өткізілді

II. Аткарылған жұмыстардың мазмұны мен тиімділігі

Мектепте халықаралық зерттеулерге дайындық мақсатында ақпараттық, әдістемелік және практикалық бағыттағы жұмыстар жүйелі түрде жүргізілді. Мұғалімдер сабақтарында зерттеу форматындағы тапсырмаларды пайдаланып, оқушылардың функционалдык сауаттылығын арттыруға бағытталған іс-шараларды орындады.

Ақпараттық және ұйымдастырушылық кезең.

Үйлестіру тобы құрылып, нақты міндеттер бекітілді;

Мұғалімдерге арналған семинарлар мен нұсқаулықтар ұйымдастырылып, халықаралық зерттеулердің форматы талданды;

Әр пән бойынша функционалдык сауаттылықты арттыру бағытындағы әдістемелік материалдар жинақталды.

Оқыту үдерісіндегі енгізілген өзгерістер.

Сабақтарда PISA, TIMSS, PIRLS типіндегі тапсырмалар қолданылды;

Тапсырмалар өмірлік жағдаяттармен байланыстырылып, оқушылардың аналитикалық, салыстыру және қорытындылау қабілеттері жетілдірілді;

Әр пән мұғалімі тоқсан сайын кемінде 2 зерттеу форматындағы сабақ өткізді.

Практикалық және тренингтік жұмыстар.

Оқушылар функционалдык сауаттылық тестілерін орындап, нәтижелер бойынша кері байланыс берілді;

TIMSS форматында есеп шығару, PISA мәтіндік талдау, PIRLS оқу мәтінін интерпретациялау бағытында практикалық жаттығулар ұйымдастырылды.

Кәсіби даму және әдістемелік қолдау.

Мұғалімдер “PISA тапсырмаларын интеграциялау”, “Сыни ойлауды дамыту әдістері”, “Функционалдық сауаттылыққа бағытталған сабақ үлгісі” тақырыптарында тәжірибе алмасу жұмыстарын жүргізді.

III. Мониторинг нәтижесі

Көрсеткіштер	2023 басы	2024 соңы	Өзгеріс	Ескерту
Оқу сауаттылығы	58%	74%	+16%	Мәтінмен жұмыс, талдау қабілеті артты
Математикалық сауаттылық	51%	69%	+18%	Логикалық ойлау жаксарды
Жаратылыстану сауаттылығы	49%	67%	+18%	Талдау мен дәлелдеу қабілеті өсті

IV. Қорытынды және ұсыныстар

2023–2024 оқу жылы ішінде №79 негізгі мектеп ұжымы халықаралық зерттеулер бағытында жүйелі әрі мақсатты жұмыстар жүргізді. Оқушылардың жас ерекшелігіне байланысты зерттеуге ресми қатысу мүмкін болмағанымен, дайындық жұмыстары толық көлемде орындалды.

Жетістіктер:

Оқу сауаттылығының артуы;

Мұғалімдердің зерттеу форматындағы тапсырмаларды тиімді қолдануы;

Оқушылардың өз ойын еркін жеткізу, дәлелдеу және өмірлік жағдаяттарда білімін қолдану дағдыларының қалыптасуы.

Кемшіліктер:

Оқушылардың зерттеу нәтижесін талдау кезінде кейбір пәндерде логикалық дәлелдеудің әлсіздігі байқалды;

Математикалық есептерді мәтіндік түрде талдау дағдыларын жетілдіру қажет.

Ұсыныстар:

2024–2025 оқу жылында дайындықты жалғастырып, 8–9 сыныптарда тереңдетілген бағыт енгізу;

PISA, TIMSS форматындағы тапсырмалар банкін тұрақты толықтырып, әр пәнге бейімдеу;

Әр тоқсанда зерттеу типіндегі мектепшілік байқау ұйымдастыру;

Мұғалімдердің әдістемелік құзыреттілігін арттыру мақсатында курстар мен коучингтер өткізу.

Халықаралық зерттеулер бағытындағы дайындық жұмыстары — білім сапасын арттырудың, оқушының оқу жетістігін өмірмен байланыстыра білу қабілетін дамытудың маңызды қадамы болып табылады. №79 негізгі мектеп ұжымы 2023–2024 оқу жылында осы бағыттағы міндеттерді жүйелі орындап, оқу сапасын бағалаудың жаңа өлшемдеріне бейімделу жолында тиімді нәтижелерге қол жеткізді.

Ұсыныстар:

1. 2024–2025 оқу жылында дайындықты жалғастырып, 8–9 сыныптарда тереңдетілген бағыт енгізу.
2. PISA, TIMSS форматындағы тапсырмалар банкін толықтыру және пәндерге бейімдеу.
3. Әр тоқсанда мектепшілік мониторинг өткізу.
4. Мұғалімдердің әдістемелік шеберлігін арттыру мақсатында коучингтер ұйымдастыру.

Директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасар  А.Берсүгірова